

Тәрбие жұмысының анықтамалары

2020-2021 оқу жылы

2021-2022 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы

1) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса берілді);

2) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі:

1) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса берілді);

2020-2021 оқу жылына арналған №59 орта мектебіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» басшылыққа алынып жасалынған. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру және т.б.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын қамтитындай түсінік пен танымнан құруға бағытталған.

2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары тәрбие үдерісіне қатысты негізгі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері басшылыққа ала отырып құрылды.

Бағдарламаның мақсаты - «Рухани жаңғыру» бағдарламасын шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында балалар мен жастарды тәрбиелеу.

Міндеттері:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының шеңберінде балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнын жаңартудың әлеуметтік маңызын өзектендіру: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму, сананың ашықтығы аясында;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі индикаторлары шеңберінде білім беру мен тәрбиелеуді дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, ізгілендіру, компьютерлендіру, сандық жүйеге көшу, смарт және стем білім беру), тәрбие беру саласындағы педагогикалық ғылымның жаңашыл жетістіктерін, тәрбие берудің шетелдік және отандық қазіргі кездегі тұжырымдамаларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұнын, тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, Назарбаев университетінің алдыңғы қатарлы тәжірибесін есепке ала отырып тәрбиенің жаңартылған мазмұнының мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін тиімді енгізудің шарттарын ашып көрсету;
- заманауи басым жалпыадамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету;
- балалар мен жастарды тәрбиелеу мазмұнында заманауи реалиялармен, сондай-ақ іс-қимыл компонентін, шынайы әлеуметтік маңызды нәтижелерге негізделген балалар мен жастардың әлеуметтік бастамаларын кіріктіру жүйесін күшейту.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбие процесінің, әлеуметтің әріптестіктің, құқықтық, ұйымдастырушылық-басшылық, ақпараттық қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

❖ Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалармен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

❖ Рухани-танымдық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

❖ Ұлттық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

❖ Отбасылық тәрбие.

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

❖ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

❖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

❖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру

❖ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жоғарыда аталған 8 бағыт бойынша жыл басында бекітілген жоспарлар карантиндік және шектеу іс – шаралары жағдайында балалардың қатысуымен мәдени – бұқаралық және спорттық – бұқаралық іс – шаралар тоқтатылып, бұл шаралар онлайн түрде жүргізілді. 1-11 сыныптар бойынша 20 тамыз, 17 қыркүйек, 2 қазан, 3 қараша күндері онлайн ата-аналар жиналысы өткізіліп, хаттамалары жасалынды. «Қауіпсіздік ережелері» тақырыбында түсіндірме сынып сағаттары өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды. Қазақстан Республикасы Конституция күніне арналған және 1 қыркүйек Білім күніне арналған «ҚР конституциясын 25 жыл» атты сынып сағаты, Білім күніне арналған «Әділдікке үндеген Қожа Ахмет Яссауи» тақырыбында барлық сыныптарға адалдық білім сағаты өткізілді. Республикаға танымал ұстаз У.Төрәлиевтің құрметіне «Өнегесі өрілген» тақырыбымен 9 а сынып жетекшісі Г. Мадиярованың ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы аясында 5 қыркүйек Қазақстан халқы Тілдер мерекесіне орай «Тіл ұлттық жаны» апталық аясында «Жас Қыран» ұйымының оқушылары онлайн форматта құттықтау жолдап, әлеуметтік желіге жарияланды. Қарттар мерекесіне орай «Қарттарым-асыл қазынам» атты апталықта еріктілер тобының ұйымдастыруымен жалғыз басты қарт әжейге көмек берілді. «Берекелі, Алтын Күз!» апталығында 3-4 сыныптар мен 5-7 сыныптар арасында сайыс өткізілді. «Қазақстан балалары-күзгі интерактив» күзгі демалыс уақытында «Жақсылық жасап, жарыс!» эстафетасы ұйымдастырылды. Нашакорлық пен есірткінің алды алу мақсатында 9-11 сыныптардан онлайн сауалнама алынды. «Әкелер-бәйтерегім» тақырыбында «Шапағат» әкелер одағының тренингі өткізілді. Бауыржан Момышұлы туралы 10 а сыныбына тәрбие сағаты өткізіліп, видеоролигі әлеуметтік желіге жарияланды. «Суицидке жол беру-адамның дәрменсіздігі» тақырыбымен 9-11 сыныптарға психологтың кеңесі өткізілді. «Жас

орманшылар» клубының мүшелері Арал қаласына саяхат жасады. «Бір шаңырақ астында» челленджі өткізілді. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Ризашылық- мейірімділік бұлағы» апталығы өткізіліп, осы апталықта 1-4 сыныптарға «Алғыс айту парызым!» сурет конкурсы, 5-6 сыныптарға «Ризамын, Қазағымдай еліме!» видеоролик жасау, 7-8 сыныптарға «Бата алу-болашағыма жол!» тақырыбымен ауыл ақсақалдарынан бата алып, видеоролик жасау және 9-10 сыныптарға «Өмір, неткен тамаша!» тақырыбында баршаға алғыс айту шарасы өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды. Жастар ұйымы, пандемия кезінде барша жанға араша түскен ақ халатты абзал жандар-дәрігерлер мекемесіне барып, алғыс жолдап, әлеуметтік желіге салды. Сонымен қатар, «Ана-тіршілік тірегі» атты апталық аясында 1-4 сыныптарға «Менің анамның бір күнгі еңбегі» тақырыбымен видеороликтер байқауы, 5-6 сыныптарға «Анама сый» видеоролигі, 7-8 сыныптарға «Әлемді шаттық пен сұлулық толтырған» тақырыбымен видеоролигі, 9-10 сыныптарға «Көктем аруы-2021» сайыстары өткізіліп, әлеуметтік желіге жолданды. «Ана-тіршілік тірегі» тақырыбымен жастар ұйымының мектептегі ұстаз-аналарға арналған мерекелік концертті өткізілді. «Алдаспан» дебат клубының ұйымдастыруымен «Қашықтан оқыту тиімді ме?» тақырыбында дебат өткізілді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын және құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында " Оқушы қылмысы және оның жазасы" атты тақырыпта 9-11 сынып оқушыларына түсінік жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ .122 -бабымен таныстырылып , оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында 9-11 сынып қыз балалары мен мектеп медбикелерінің қатысуымен жиналыс өткізілді.Жиналыста ерте жүктіліктің алдын алу, әдет ғұрыпты, салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып,келешекте ана алдында қоғамның ұлттың тыныс тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершілік тұрғандығын сезіндіре отырып әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол білімді жан-жақты жетілген қыз бала болуға тәрбиелеу жолдары түсіндірілді.

«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымының жоспарына сәйкес «Отаныма 30 қайырымды қадам» жылдық акциясы, «Бата алу-болашағыма жол» тақырыбымен жұмыстар ұйымдастырылды. «Жақсылық жасап жарыс» акциясы аясында мектеп кітапханашысына қол көмектерін тигізіп, жыртылған кітаптарды түптеді. Құстар күніне орай құстарға және қоршаған ортаға қамқор болу мақсатында «Жақсылық жасап жарыс» акциясы аясында «Қош келдіңдер, қанатты достар!» тақырыбында мектеп жасқырандары құстарға ұя жасап, ағашқа орналастырды. Оқушылардың өлкетанулық білімін, тарихи-археологиялық танымын арттыру мақсатында «Ата қоныс-алтын мекен» тақырыбында музей сағаты ұйымдастырылды. Кітап оқуға, оның ішінде ғасырлардан жеткен эпостық жырларға қызығушылығын арттыру мақсатында «Балалар үні» акциясы ұйымдастырылды. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Көңілді үзіліс» өткізілді. Отбасындағы әке тәлімін насихаттау, әкенің отбасындағы ролінің маңыздылығын ұғындыру мақсатында «Әкем үйреткен» челленджі ұйымдастырылды. Табиғатты аялау, жеріміздің болашақ экологиялық жағдайының жақсы болуына әрбір оқушының әсер етуіне тәрбиелеу мақсатында « Жас орманшылар» клубының мектеп ауласына тазалық акциясы ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер мен тәрбие мамандарын, жоғарғы сынып оқушыларын қатыстыра отырып,қауіпсіздік ережелеріне ауылдың учаскелік полиция қызметкері Д.Искаковтың түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында мектеп кітапханашысы Р.Ақтауованың « Хан Тәңірінің Мұзбалағы» тақырыбымен ақын өлеңдерінен мәнерлеп оқу эстафетасы, «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» аттыәдеби-танымдық кеш өткізілді. «Әжемнің ертегісі» сабағы, «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері «Ұлттық тағам түрлері» туралы таным сағаты, ерекше назарды қажет ететін балалармен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай іс-шара өткізілді.

2020-2021 оқу жылындағы шығармашылық бағытындағы жетістіктерге келер болсақ :

- **2020 жылы** «Балдәурен» республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты ұйымдастырылған байқауда «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» номинациясы бойынша Тыныштықбаев Әбіләкім «Бас жүлдемен» марапатталды.
- **2020 жылы** республикалық «Зияткер» ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналының ұйымдастырумен өткен «Жас дарын» атты шығармашылық байқауына қатысып «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша Батырханұлы Әбіләкім I дәрежелі дипломға, «Үздік көркемсурет» аталымы бойынша Тыныштықбаева Мұзафар I дәрежелі дипломға, «Үздік көркемсурет» аталымы бойынша Сұлтанаев Думан I дәрежелі дипломға ие болды.
- **2020 жылы** Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, Облыстық жастар денсаулығы орталығы, «Салауатты болашақ Қызылорда» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Қызылорда облысы бойынша «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасы аясында «Мектеп-денсаулық аймағы» атты облыстық онлайн-байқауында № 59 орта мектебі «Алғыс хатпен» марапатталды.
- **2021 жылы** Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының облыс көлеміндегі «Есірткісіз өмір ғажайып!» ұранымен ұйымдастырылған граффити сайысында 11 сынып оқушысы Қайсарқызы Еркеназ бен 10 сынып оқушысы Сұлтанаев Дәулет II орын алып, арнайы дипломмен марапатталды.
- **2021 жылы** балалар арасында өткізілген II республикалық онлайн «Мен дарынды баламын» сайысында сурет салу номинациясы бойынша Садықова Гүлнәзира мен Сыдық Айназым I дәрежелі дипломмен марапатталды.
- **2021 жылы** «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен Облыстық «Таңшолпан» жасөспірімдердің эстрадалық телебайқауынан Қыдыралиев Хабибулла үздік танылып, жүлделі II орынмен марапатталып, дипломға ие болды.
- **2021 жылы** «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл» және «Қажымұқан Мұңайтпасұлының туылғанына 150 жыл» толуына байланысты өткізілген Республикалық турнирде қазақ күресінен Қыстаубаев Айбек пен Аралбаев Ердаулет I орынмен марапатталды.
- **2021 жылы** ҚР Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Ғажайып қолөнер әлемі» атты аудандық жас қолөнер шеберлері байқауында Жаңалықова Гүлсезім жүлделі II орын алып, дипломмен, бағалы сыйлықпен марапатталды.
- **2021 жылы** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында құрылған «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының ІҮ облыстық слетіне 9-сынып оқушысы Бектұрғанова Аружан қатысып, «Үздік қылқалам шебері» номинациясымен марапатталды.

2021-2022 оқу жылына арналған №59 орта мектебіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін – өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана- сезімін жаңартуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

➤ Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

➤ Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

➤ Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

➤ Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- ❖ Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- ❖ Рухани-танымдық тәрбие.
- ❖ Ұлттық тәрбие.
- ❖ Отбасылық тәрбие.
- ❖ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- ❖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- ❖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- ❖ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1 сынып үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табысталды. Ал 2-11 сыныптарда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектеп психологтардың ұйымдастыруымен «Жүрек» тренинг сабағы өткізілді. «Тарихқа тағзым» жобасы аясындағы танымдық шара, мұғалімдер мерекесіне орай «Ұстаздарға мың алғыс!» апталығы аясында бастауыш сыныптарда «Менің алғашқы ұстазым», 5-6 сыныптарда «Ұстазыма ыстық ықыласпен» сынып сағаты, 7-8 сыныптарда «Білім және жарық сыйлаушы», 9-10 сыныптарда «Қалдырған ізің мәңгілік» ардагер ұстаздармен кездесу өткізілді.

5 қазан – «Қарты бар ел-қазыналы», «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, видеороликтері әлеуметтік желіге жарияланды және мектеп оқушылары «Таза табиғат» ұлттық жобасына үлестерін қосты. Қамқоршылық кеңестің отырысы, «Мектеп өміріндегі ата-ананың ролі» тақырыбымен ата-аналар комитетінің отырысы, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары өткізілді. 1-11 сыныптарға «Туған өлке тарихына тағзым» тақырыбымен музей сабақтары, таным сағаттары өткізілді. «Жас Ұлан мен үшін...» челленджі ұйымдастырылды.

Құндылыққа негізделген тәрбие жобасына сәйкес әкелер «Еңбек еткен-мұратқа жеткен» тақырыбындағы еңбек адамдарымен кездесу, «Ұлағатты ұстаз» тақырыбымен «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісінің иегері Ж.Ибрашеваны зейнетке шығарып салу кеші, «Ақылды бейсенбі» жобасы аясында мектеп директоры Ш.Бәйділдақызымен кездесу өткізіліп, оқушылар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды. Қызылорда қаласындағы «Саяхат» лагеріне 10 сыныптың 6 оқушысы демалып қайтты. Мектеп жанынан құрылған «Балдәурен» лагерінде Ш.Әбілдаевтың ұйымдастыруымен «Қырыққабат», «Пойыз» ойыны, «Поэзия әлемі» конкурсы ұйымдастырылып, асфальт бетіне сурет салып, Н.Жұбатқановтың ұйымдастыруымен музейге саяхат жасады. «Дені саудың тәні сау» тақырыбымен медбике кеңесі өткізілсе, 10- сыныптарға «Шатырлы лагерь» саяхаты жасалды. Рәміздердің 30 жылдығына орай, мектеп жастарының гимн орындау рәсімі өткізілсе, орта сыныптар мен бастауыш сыныптарға «Көк Тудың желбірегені...» тақырыбымен флэшмоб, «Керемет елдің балалары» тақырыбымен сурет байқауы

өткізілді. Бастауыш сынып жетекшісі Бердалиева Гүлнардың ұйымдастыруымен аудандық мұражайға 40 оқушыны саяхатқа апарды. «Туған елдің танымал тұлғалары» айдарына орай 5 б сыныбында ардагер ұстаз Д.Зиманованың өмір жолынан «Ұстаз Ұлы тұлға» тақырыбымен тәрбие сағаты, 2 а сыныбында ардагер ұстаз, қоғам қайраткері Ү.Қуатовтың өмір жолынан «Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбымен тәрбие сағаты, 4 б сыныбында Ә.Нұрпейісовке арналған «Ұлт намысын ұран тұтқан тұлға» тақырыбымен тәрбие сағаты, 8 б сыныбында Ш.Сариевтің өмір жолы мен шығармашылығына арналған «Ғасырларға даусың жетер жаңғырып» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. ЖПБ полиция сержанти Ж.Тұрсыновпен «Тоқтаңыз! Басып кету қаупі бар!» тақырыбымен құқық бұзушылықтың, жол ережесін сақтау, жол қаупінен сақтану мақсатында кездесу өткізілді. 9-10-11 сыныптар арасында дене тәрбиесі пәні мұғалімі С.Якудаевтің ұйымдастыруымен футболдан жарыс өткізілді. Халықаралық отбасы күні қарсаңына орай «Кемел Ұрпақ-кемел келешек» атты жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, жылдық есеп, қауіпсіздік мәселелері қамтылды. Ардагер ұстаз Т.Төлепов ағайды еске алу мақсатында әскери-қолданбалы спорт түрінен аудандық турнир өткізілді. «Ұлы Жеңіске-77 жыл» тақырыбында 1-11 сыныптарға тәрбие сағаттары өткізілді. «Жас орманшылар» клубының «Табиғат- біздің анамыз» апталығы аясында көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. «Балалар жылында» іске асырылатын шаралар жоспарына сәйкес «Жас Ұланның Жұлдызды жылы» акциясы аясында 5-7 сыныптарға «Эко boom» жобасын іске асырып, «Қанатты құстар» акциясын ұйымдастырды. Қосымша білім беру педагогы М.Нұржаубаева мен алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі Е.Есіркегеновтің ұйымдастыруымен «Қозғалыстың жас инспекторлары» үйірмесінің апталығында 7-9 сыныптарға «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!» тақырыбымен эстафеталық жарыс ұйымдастырылды. 2-4 сыныптар аралығында Ж.Жаңабаявтың ұйымдастыруымен «Аталар сөзі-халық қазынасы» тақырыбында таным сағаты өткізіліп, «Ақ әже» ролін сомдап, тағылым-тәрбиелі ұғымдар мен ұлттық рухпен сусындады. «Бала-ата-ананың айнасы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізіліп, балалардың өмір қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары айтылып, сақтық жұмыстары туралы ескертілді және ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. ЖПБ полиция аға сержанти Ж.Тұрсынов пен А.Жолдасов «Мен және менің полициям» акциясы аясында кездесу өткізіп, жол қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. «Қауіпсіз интернет» акциясына орай 1-11 сынып оқушыларына бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. 7-8 сыныптарда «Интернет-менің өмірімде» тақырыбымен эссе байқауы, 5-6 сыныптарда «Қауіпсіз ғаламтор еліне саяхат» тақырыбымен сурет конкурсы өткізілді. Тәрбие сағаттарында интернет желісіндегі қауіпсіздік шаралары, кибербуллинг, интернет алаяқтары туралы толық мәліметтер берілді. «Салауат» орталығының жетекшісі А.Сүлейменованың ұйымдастыруымен 5-7 сыныптарға «Ұлттық ойындар» тақырыбында, тоғызқұмалақ, асық ату, ләңгі тебу, ханталапай, бес асық сынды ұлттық ойын түрлерінен жарыс өткізіп, балалардың ұлттық ойындарға деген сүйіспеншілігін оятты. Апта сайынғы тәлім сағаттарында мектептің ішкі тәртіп ережесі, қауіпсіздік шаралары, жоюалардың орындалу барысы күн тәртібінен түспей, есептері беріліп тұрды. Көркейту көгалдандыру жұмыстары барысында 5-6 сынып оқушылары «Сенбілік жұмыстары-тазалық таразысы» атты акцияна орай, мектеп ауласына жас көшеттер отырғызды. Жас Ұланның Жұлдызды Жылында «Эко boom» акциясымен гүлдер отырғызып, мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді. «Тағзым» алаңына, музейге саяхат жасады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектеп жастары арасында волейболдан жарыс өткізілді. Қосымша білім беру педагогы М.Нұржаубаеваның 7-8 сыныптарға «Ұмыт қалған дәстүрлер мен ғұрыптар» тақырыбында таным сағаты өткізілді. «Салауат» орталығының жетекшісі А.Сүлейменованың «Есірткі және құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбындағы сайысы өткізілді. Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығына 9 сынып оқушысы Құдайбергенова Динара мен 8 сынып оқушысы Оразалы Беркін барып демалып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, марапатталып келді.

Сонымен қатар мектебімізде іске асырылып жатқан төрт жобамызбен жұмыс барысы үздіксіз жүргізілуде. Бұл жобалар: білім алушылардың өзін – өзі басқаруы-«Мектеп парламенті», «Ұшқыр ой» дебат қозғалысы аясындағы «Алдаспан» дебат клубы және кітап

оқуға негізделген «Оқуға құштар мектеп» пен өнер сахнасына бейімдейтін «Мектеп театры» жобасы. Осы жобалар бойынша жоспарлары құрылып, шаралар өткізіліп, жалғасын табуда.

Өзін-өзі басқару ұйымының жоспарына сәйкес «Балалар жылы» аясында, «Тәуелсіздікке-30 жыл» тақырыбымен «30 кітап сыйла!», «30 гүл сыйла!», «30 игі іс жаса!», «30 қолөнерді тарту ет!» «Білімді шыңда!» «Үздік тілші» «Үздік ақын», «Үздік жазушы», «Үздік суретші», акциялары өткізіліп, парламент оқушыларының ақпараттық жұмыстары, хабарландыру, жарнамалары жасалынып, үлкен көлемде өткізілген шара болды. Мектеп қабырғасына мақалалары жарияланып, нәтижесі әлеуметтік желіге видеороликтер арқылы жарияланып отырды. Мектеп кітапханасын кітаптармен толтырып, игі іс жасап жарысып, барлық оқушылар белсене қатысты. «Ақылды бейсенбі» жобасы аясында «Желтоқсан қаһармандары» тақырыбымен желтоқсаншылармен кездесу өткізді. «Қамқорлық» фракциясының «Жақсылық жасап жарысайық!», «Мәдениет» және «Ақпарат» фракцияларының ұйымдастыруымен «Туған өлке тарихына тағзым» тақырыбымен музей сабақтары өткізілді. «Оқушы үні» жәшігі орнатылып, оқушылардың ұсыныс-пікірлері талданып, мектеп басшылары тарапынан ұсыныс пікірлеріне жауап берілді. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының «Ақпарат» фракциясының ұйымдастыруымен 8-9-10 сыныптарға «Қызық екен...» интеллектуалды ойыны өткізілді. «Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясының «Полиглот» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды. Және де осы фракцияның үйден оқитын оқушы А. Дәстенқызымен бірге «Көңіл-күй» ойын терапиясы өткізілді.

Ұшқыр ой" дебат клубының жетекшісі «Ұшқыр ой» дебаттық қозғалысы аясындағы «Алдаспан» дебат клубының ұйымдастыруымен 9-10 сыныптарға «Тастүйін» және «Жасын» фракцияларының «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» тақырыбымен, 10-сыныптар аралығында «Жалын» және «Ұлар» фракцияларының қатысуымен «Туған тілдің қуаты- ұлттық намыста» тақырыбымен, 8 сыныптарға «Ең жақсы өмір ауылда» тақырыбымен «Ақиқат» пен «Дат» фракцияларының қатысуымен өткізілді. 5 сыныптардан құралған «Еңбектің жемісі» атты дебатта, «Алау» және «Озат» фракциялары қатысып, карл поппер форматында пікірталасқа түсті. «Аналар салған жолменен» тақырыбындағы дебат ойынында 10 сыныптардың «Тастүйін» және «Зерде» фракциялары тартысқа түсті. «Алдаспан» дебат клубы оқушылары белсенділік танытып, түрлі тақырыпта дебат ойындарын өткізіп отырды.

«Театр жобасының» жоспарына сәйкес «Театр сабақтары» жобасының аясында бастауыш сыныптарға «Шалқан» ертегісі желісімен, «Үйшік» (орыс халық ертегісі), «Қотыр торғай» ертегілері желісімен қойылым сахналанды. 7 сыныптардан құралған театр мүшелері шығыс ертегісі «Волшебная лампа Алладина» тақырыбымен орыс тілінде мини-спектакльді мектеп сахнасына шығарды. Театр сабақтарының бірінде «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында жарыс ұйымдастырылып, 7 сынып оқушысы Әли Жанель «Күлше қыз» бейнесін сомдап нәтижеге жетсе, 7 сынып оқушысы Жақсыбаев Жақсыбек Абайдың, Крылов аудармасынан «Шырылдауық шегіртке» мысалындағы кейіпкерлерді кейіптеп, үздік нәтиже көрсетті.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында оқу мәртебесін, оқу сауаттылығын және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында азаматтық және рухани -адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында "Балалар үні" акциясы, «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу мақсатында кітап оқу, насихаттау шаралары жүргізілуде. «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» көрмесі, «30 жылдыққа-30 кітап» акциясы, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романын талқылауға арналған дөңгелек үстел, Ұлттың Ұлы ұстазы А.Байтұрсыновтың шығармаларына талдау жүргізілді. «Отбасыммен бірге оқимын» атты отбасылық оқу күні ұйымдастырылды. Б.Алтынсариннің 180 жылғына орай «Ыбырай-ұлы тұлға», «Ұлы ағартушы», «Өнер - білім бар жұрттар», тақырыптарында тәрбие сағаттар өткізілді.

Д.Қонаевтың 110 жылдығына орай «Дана тұлға, дара тұлға», Д.Қонаев-110 жаста», «Қонаев-ғасыр адамы», «Дәуір данасы» тақырыбында танымдық сағаттар ұйымдастырылды.

А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай 10-11 сыныптарда «Ахмет-Ұлт ұстазы» Алаш зиялыларының өлеңдерін жатқа оқу ұйымдастырылды. Интернат тәрбиеленушілері кітап оқып талдап, үндеу жолдап, кітап оқуға шақырды. Каникул уақытында 1-11 сынып оқушылары мен

ата-аналардың кітап оқуына бағдарланған «Оқырман отбасы» челленджі қолға алынып, «Оқу және жазу мәдениеті күні-оқу сәні» шаралары ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылындағы жетістіктерге келер болсақ,

- Республикалық Балалар өкілдігі кеңесінің мүшесі Қуандықова Айым арнайы өкілдік куәлігімен марапатталды.
- Аудандық А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ұлттың Ұлы Ұстазы» тақырыбындағы көркемсөз байқауында «Бас жүлде» алып марапатталды.
- Ақтөбе қаласында өткен ашық турнирде 6 сынып оқушысы Қыстаубаев Айбек жүлделі І орынмен 7 сынып оқушысы Орынбек Әділжан ІІІ орынмен марапатталды.
- Қазақстан Қарулы Күштерінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Айбын ҮІІІ» облыстық әскери-патриоттық жастар сайысында 10 сынып оқушылары Сұлтанаев Думан, Есенгелдиева Нағима және 11 сынып оқушысы Ақбаева Перизат командалық сайыс нәтижесінде І орынмен марапатталды.
- Республикалық «Sport fest Kazakhstan» әскери қолданбалы спорт жарысы Щучинск қаласында өткізіліп, 10 сынып оқушысы Кеңшілікова Аружан қатысып жүлделі орынмен марапатталды.
- Арал ауданы бойынша білім бөлімі. Жалпы білім беру ұйымдарының 7-11 сынып оқушылары арасында өткізілген аудандық Мағжан оқулары байқауының «Өлең-менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясы бойынша шығармашылықпен белсене қатысқан 7 сынып оқушысы Нағашыбаева Жансая «ІІ орынмен» марапатталды.
- Арал ауданы бойынша білім бөлімі. Жалпы білім беру ұйымдарының 7-11 сынып оқушылары арасында өткізілген аудандық Мағжан оқулары байқауының «Өлең-менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясы бойынша шығармашылықпен белсене қатысқан 7 сынып оқушысы Жақсыбаев Жақсыбек «Алғыс хатпен» марапатталды.
- Мектеп оқушылары арасында әскери қолданбалы спорт түрінен өткізілген «Мерген Ару-2022» облыстық сайысының пневматикалық винтовкамен жылдамдыққа ату бағдарламасы бойынша жүлделі ІІ орынмен 10 сынып оқушысы Кеңшілікова Аружан марапатталды.
- «Балалар жылына» арналған Республикалық «Қазақстан балалар дауысы» тележобасына қыатысып 8 сынып оқушысы Қыдыралиев Қабиболла дипломант атанды.
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткізілген қазақ күресінен аудандық ашық турнирде 23 кг салмақ дәрежесінде 5 сынып оқушысы Қазбеков Бағлан ІІІ орынмен марапатталды.
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткізілген қазақ күресінен аудандық ашық турнирде 38 кг салмақ дәрежесінде 6 сынып оқушысы Қайратұлы Әнуар ІІІ орынмен марапатталды.
- Аудандық білім бөлімі. «22 Наурыз-Жыл басы» мерекесіне орай ұлттық спорт ойындары бағдарламасындағы қазақ күресінен 35 кг салмақ дәрежесінде жүлделі ІІІ орынмен Аралбаев Ердаулет марапатталды.
- Аудандық білім бөлімі. «22 Наурыз-Жыл басы» мерекесіне орай ұлттық спорт ойындары бағдарламасындағы қазақ күресінен 50 кг салмақ дәрежесінде жүлделі ІІ орынмен Әскеров Еркебұлан марапатталды.

2022-2023 оқу жылына арналған №59 орта мектебіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдық «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие мақсаты:

- * Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- * Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады.
- * Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу.
- * Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие міндеттері:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.
- 2) оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғындыру.
- 3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.
- 4) Елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
- 5) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.
- 6) Мектеп пен ата-аналардың ө-ара іс-қимыл форматын ұйымдастыру, әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.
- 7) Балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.
- 8) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

9) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

10) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашакорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «Тәуекел» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.

11) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

12) Оқыту мен тәрбиелеу процесінде нәтижені Құндылыққа бағдарланған тәсіл арқылы іске асыру

13) Мектеп медиация қызметін жемісті жолға қою арқылы, мектепті қауіпсіз кеңістікке айналдырып, өскелең ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру.

14) Мектептің жайлы кеңістігін жобалай отырып, білім алушылардың оқу процесіне қатысуын, академиялық жетістіктерін, мінез-құлық үлгілерін, эмоционалды әл-ауқатын арттыруға әсер ету.

15) Қолайлы білім беру ортасын құруда сынып жетекшілер ролін арттыру

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие.

3. Ұлттық тәрбие.

4. Отбасылық тәрбие.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Жоспарланған нәтижелер:

- Түлектің патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырады.

- Оқушылар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысады.

- Тәрбие жұмысының жүйесін тақырыптық кезеңдерге біріктіру арқылы ашықтық, жүйелілік болады; мұндай жүйе тәрбие жұмысының әрбір бағытын іске асыруға бағдарланады.

- Оқушылардың ең көп саны қосымша білім беру жүйесіне енгізілген. Үйірмелерде сабақтарды ұйымдастыру адамның таным мен шығармашылыққа деген ынтасын дамытуға бағытталады.

- Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артады, соның арқасында сыныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артады.

- Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік береді.

- Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылады, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға, Отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының ролін күшейтуге ықпал етеді.

Жоспарланған жұмыстар мен бағыттар және жобалар бойынша тәрбие үдерісі үздіксіз жүреді. Аталған жұмыс бағдарына орай, жоспарлары жасалынып, түрлі жұмыстар жүргізілуде. Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні білім мерекесі «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбымен алғашқы қоңырау салтанатты жиыны болды. 1 сынып жетекшілері Г.Бердалиева мен А.Сақтағановалардың «Менің мектептегі алғашқы күнім» тақырыбымен видеороликтері және 2-4 сыныптардың «Менің жарқын жазғы оқиғаларым» тақырыбымен видеороликтері әлеуметтік желіге жарияланды. 5-7 сыныптардың «Менің

саяхатым», «Менің жазғы демалысым» видеороликтері жасалынып, әлеуметтік желіге жолданды. Қазақстан халықтарының Тілдері күні мерекесіне орай «Тіл-алтын көпір» тақырыбымен 5-7 сыныптар арасында челлендж өткізілді. Оқушылар, ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың туғанына 175 жыл толуына орай өлеңдерін үш тілде жатқа оқыды. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында полиция қызметкері Д.Искаковпен бірлескен жиналыс өткізілді. Заң баптары, мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылды. «Білім сапасын дамыту, алдағы жоспар өзектілігі» тақырыбымен мектеп ата-аналар комитетінің консилиумы өткізілді. 4 сыныптардың «Отбасы-бақыт мекені» апталығында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Бала тәрбиесі-баршаның ісі» жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, келелі мәселелер қозғалып, соңында «Отбасым-өнер-өрісім» атты концерт ұйымдастырылды. «Ұстаз-бала бағбаны» тақырыбында сынып жетекшілер отырысы өткізіліп, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер талқыланды. «Қыз әдебі-көркемдік» тақырыбымен қыздар жиналысы жасалынып, әдеп, иба, тәртіп мәселелері қозғалды. Баланың қызығушылығын ояту мақсатында мектеп оқушылары кітапханаға саяхат жасады. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы профилактикалық жұмыстар негізінде 9-11 сыныптарға ақпараттық-танымдық шара өткізілді. «Ұстазыңды құттықта!» челленджі өткізіліп мектеп оқушылары мен бітіріп кеткен түлектер құттықтау жолдады. 5 б сыныбының «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбымен ашық тәрбие сағаты, 8 б сыныбының қарттар мерекесіне арналған ашық сабақтары өткізілді. Тәлім сағаты өткізіліп, 11-сыныптар ұстаздарды құттықтау сағатын өткізді. Мектеп жоспарына сәйкес, 11 сыныптарға мектеп психологының «Мен қандай жетістікке жеткім келеді?», «Биіктік», «Ашулы шарлар», «Еркін микрофон» тақырыбымен тренинг өткізілді. «Ұстазыма ыстық ықыласпен...» апталық аясында 1-11 сыныптарда «Бала жанының бағбаны» тақырыбымен сынып сағаттары, тәрбие сағаттары өткізілді. Ардагер ұстаздар: Оразалиева Н. Қанатова Ұ.Есбергенев С.Әйтұмов И сынды ағай-апайлармен кездесу өткізіп, таңғылымды әңгімелерімен сусындады. Аудандық кәмелетке толмаған жасөспірімдер инспекторы А.Қалмағанбетов пен учаскелік полиция майоры Д.Искаковпен кездесу өткізіліп, құқық бұзушылық пен қылмыстың іс-әрекет жауапкершілігі тұрғысындағы заң баптары түсіндірілді.

Өзін-өзі басқару ұйымының жоспарына сәйкес, жыл басында отырыстарын өткізіп, алдағы жоспарлы жұмыстары туралы талқылау өткізді. Алғашқы тәлім сағатын жасап, биыл мектеп президенті сайлау болатындығын. сол сайлауға түсетін кандидаттардың бағдарламаларымен танысып, атсалысуға шақырды. Сонымен қатар, фракция мүшелері атқарған жұмыстарына есеп берді. Президентке үміткерлердің сайлауы өткізіліп, 78 пайызбен 8 а сынып оқушысы Өтебалиева Нұрислам жеңіске жетті. Тәлім сағатында антын беріп, фракция жетекшілерінің тапсырмаларды орындаудағы жауапкершілігін жүктеді. Ұстаздар мерекесінің құрметіне орай дублер күніне дайындық жасап, жоғары дәрежеде жауапкершілікпен алып шықты. Қарттар мен ардагер ұстаздардың үйлеріне барып, сұқбат алып, ән-жырларын арнап, сый сияпаттарын табыстады. Парламент фракцияларындағы жоспарлы жұмыстарының негізінде «Ұстаздар апталығын» 11-сыныптармен бірлесе отырып ашылу салтанатын жасап, 1 ай көлеміндегі атқарған жұмыстарына есеп берді. «Экология және еңбек» фракциясының көмегімен «Біз біргеміз» тренингін өткізе отырып, мектеп ауласындағы талдар мен гүлдерге есеп жүргізді. «Салауатты өмір және спорт» фракциясының мүшелері 7-8 сынып оқушылармен бірге спорттық сайыстар өткізіп, салауатты өмірді насихаттауға шақырды. Сонымен қатар, парламент фракциялары, оқушылардың тапқырлығымен, тез шешім қабылдау қабілеттерін дамыту мақсатында «Квест» ойындарын өткізіп, бірнеше күрделі тапсырмалардың жауаптарын ала білді. Республика күніне орай «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» эко науқанын өткізіп, мектеп ауласын тазартып, еңбектерімен үлесін қосты.

«Театр сабақтары» жобасының жоспарына сәйкес, жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Алғашқы ұстаздар мерекесінде шағын қойылымнан бастаған театр мүшелері өз шеберліктерін көрсете білді. «Алтын күз» мерекесінде апта бойына оқушылар түрлі қойылымдар жасап, актерлік шеберліктерін, талантарын көрсете білді. «Перзент парызы» қойылымы және «Шернияздың сөзі» тақырыбындағы қойылымдары арқылы оқушылардың бойына ұлттық рух егіле білді.

«Ұшқыр ой» дебат қозғалысы аясындағы «Алдаспан» дебат клубының жоспарына сәйкес, ата-аналар арасында «Баланың жақсы-жаманы ата-анадан. Келісесіз бе?» тақырыбында дебат өткізілді. Дебат АПФ өткізіліп, «Үздік пікір», «Үздік лидер», «Үздік пікірсайысшы», «Үздік спикер» номинациялары берілді. 9-10 сыныптар аралығында «Мектеп формасына көңілің тола ма?» тақырыбындағы дебат «Жалын» және «Ұлар» фракцияларының арасында өткізілді. 7-8 сыныптарда Карл поппер форматында «Алау» мен «Озат» фракцияларының арасында «Интернетсіз жүре аламыз ба?» тақырыбында дебат өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы. Қазіргі таңдағы өзекті болып тұрған мәселе кітап оқу. «Бала жастан алған білім, тасқа қашап жазғандай демекші»-оқушыларды кітап оқуын насихаттап, шақыратын түрлі шаралар өткізілуде. Коворкинг орталығы мен буккроссинг бұрышы жабдықталған. Қоңырау арасындағы 20 минуттық кітап оқу процесі жүргізіліп отыр. Жалғыз оқушы емес, мұғалімдер де, ата-аналарда тартылуда. Барлық пән мұғалімі сабақ процесінде оқу әдістерін пайдаланып, оқушылар электронды оқулықты кюар кодпен ашып оқып, сынып жетекшілер «Отбасымен бірге кітап оқы» акциясын қолға алуда. Өткізген шараларына тоқталар болсам: «Кітап фест» фестивалі, «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерінен» челленджер, Республика күніне арналған «Қыран Елім-Қазақстан» челленджі, «Жырың болып төгілемін» онлайн мәнерлеп оқу байқаулары өткізілді. Оралдық әуесқой жазушы Құрман Бисеғалиевтің кітабы «Кітап сыйла» акциясы бойынша мектеп кітапханасына табысталды. Оқушылар оқыған әдеби шығармаларынан иллюстрация жасап, байқау өткізді.

2022-2023 оқу жылындағы жетістіктерге келер болсақ, өнер және шығармашылық жетістіктер бойынша:

- «Мен жастарға сенемін» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Ұстазым менің, ұстазым!» атты республикалық байқауға қатысып, «Сурет» номинациясы бойынша жүлделі II орынмен 2 сынып оқушысы Жолболдиева Раяна марапатталды.
- «Мен жастарға сенемін» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Ұстазым менің, ұстазым!» атты республикалық байқауға қатысып, «Сурет» номинациясы бойынша жүлделі I орынмен 3 сынып оқушысы Ділдаева Гүлдана марапатталды.
- «Мен жастарға сенемін» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Ұстазым менің, ұстазым!» атты республикалық байқауға қатысып, «Өн» номинациясы бойынша жүлделі I орынмен 2 сынып оқушысы Асылханқызы Ақторғын марапатталды.
- «Мен жастарға сенемін» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Ұстазым менің, ұстазым!» атты республикалық байқауға қатысып, «Сурет» номинациясы бойынша жүлделі I орынмен 2 сынып оқушысы Байдәулет Әмина марапатталды.
- «Qazag mektebi» әдістемелік-танымдық журналы балалар мен жасөспірімдер арасында ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған республикалық «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» бейнебайқауының жеңімпазы 2 сынып оқушысы Сақтапберген Ерке «Мадақтама» қағазымен марапатталды.
- «Qazag mektebi» әдістемелік-танымдық журналы бастауыш сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған республикалық «Көркем жазу» байқауының жеңімпазы 2 сынып оқушысы Абай Нұрислам «Мадақтама» қағазымен марапатталды.
- «Qazag mektebi» әдістемелік-танымдық журналы балалар мен жасөспірімдер арасында ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған республикалық «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» бейнебайқауының жеңімпазы 3 сынып оқушысы Ақжанов «Мадақтама» қағазымен марапатталды.
- «Qazag mektebi» әдістемелік-танымдық журналы балалар мен жасөспірімдер арасында ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған республикалық «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» бейнебайқауының жеңімпазы 3 сынып оқушысы Амандық Арайлы «Мадақтама» қағазымен марапатталды.

